



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

болғандықтан оқуға немесе жазуға болатын балама тәсілдерді, соның ішінде мәтіндік үзінділерді аудио баяндау арқылы қолдана алады.

Жапондық үкімет, академиялық зерттеушілер және баспа компаниялары цифрлық білім беру бағдарламалық қамтамасыз етудің әртүрлі түрлерін тестілеу, кейстерді зерттеу және басқа елдердің цифрлық технологияны қалай қолданатынын үйрену арқылы аудиториялардағы цифрлық білім беру технологиясының оң және теріс салаларын зерттеп жатыр.

Ол дегеніміз – балаларға барлық жағдайларды жасау. Менің ойымша, осындай білім беру сапасы оқушыларға үлкен мүмкіншіліктерді береді. Мүмкіншіліктерді ғана емес, білімдерін толықтыруға әрі өзін жан-жақты дамытуға жол береді. Бұл- білімді, дарынды, шабытқа толы жастардың шығуына кепілдік береді. Олардың сенуінше әрбір бала - болашақ ғалым, әйгілі тұлға. Қорыта келгенде, цифрландыру саласы тек технологиялардың дамуын көздемейді, керісінше олардың адамға жасай алатын қажеттіліктерін қарастырады. Ол- болашаққа деген сенімді қадамның бірі. Алайда, ең бастысы оны күнделікті өмірмен ұштастыруы [3].

Менің ойымша, Жапон елі бұл іске толығымен кірісіп, үлкен жетістіктерге жетуде. Осындай қарқынды даму басқа елдерге үлгі болады деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://controlengrussia.com/rynok/obshhestvo-5-0-po-yaponski/> 11.07.2017
2. <https://www.nippon.com/ru/tag/%D1%86%D0%B8%D1%84%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B8%D0%B7%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F/> 17.01.2018
3. <http://expert.ru/siberia/2017/41/tsifrovaya-ekonomika-majnit/> 01.04.2018

ӘӨЖ 008(519.5)"19/..."

КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ДӘСТҮРШІЛДІК ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ (XX Ғ. II ЖАРТЫСЫ МЕН XXI Ғ. БАСЫ)

Еркін Әсел Серікқызы

yerkin.assel@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Ж.Абжаппарова

Корей мәдениеті бай және ежелгі әлем мәдениеттерінің бірі болып табылады. Оңтүстік-Шығыс Азия мен Қиыр Шығыс мәдениеттер жиынтығындағы Кореяның орны мен рөлі әрдайым елеулі болды. Қазіргі Корея аймақтың саяси, экономикалық және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, оның беделі мен әлемдік қауымдастық өмірінде маңыздылығы артып келеді.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Корея түбегіне Оңтүстік Кореяның экономикалық және мәдени жетістіктеріне байланысты саясаткерлер, кәсіпкерлер ғана емес, сондай-ақ ғалымдар мен зерттеушілер қызығушылық танытады. Бұл жетістіктердің себептері мен негізі тек XX-шы ғасырдың саяси және экономикалық жағдайында ғана емес, сонымен қатар корей халқының бірнеше ғасырларға созылған мәдени дәстүрлерімен байланысты.

Корея мәдениетінің XX ғ. II жартысы мен XXI ғ. дәстүрлі тарихи дамуының негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауды мақсат еттік.

Осы алға қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер көзделеді:

- Корея дәстүрлі мәдениетінің ерекшелігі мен әлеуметтік-тарихи контекстін зерттеу;
- XX-XXI ғғ. дәстүрлі корей мәдениетінің ерекшеліктері мен негізгі даму кезеңдерін анықтау;
- Корей мәдениетін зерттеу және талдау.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы сонда, ғылыми айналымға жаңа Корей деректері енгізілді.

XX ғасыр Корея мемлекетінің тарихындағы аса ауыр және қатыгез ғасырлардың бірі болып саналады. Ғасырдың басындағы елде болған жапон үкіметінің басқыншылық саясаты, Бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғыстар мен 1950-1953 жылдары болған Корей соғысы, Кореяның екіге бөлінуі мемлекеттің барлық салаларына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Осы ірі оқиғалардың зардаптары, әрине, кейіннен, яғни XX ғасырдың екінші жартысында көріне бастады. Әсіресе бұл жағдай мемлекеттің мәдени өміріне айтарлықтай ықпал тигізді.

1920 жылдары, 30-шы жылдары мен 80-ші жылдардың басындағы КАПП (Кореялық пролетарлық жазушылар ассоциациясы) әдебиетінен немесе Чон Да Сан (1762-1836) шығармашылығынан да бастау алған жұмысшылар поэзиясының екпінді жандануымен белгіленді.

Әдетте XX ғасырдың ең үздік корейлік ақыны *Со Чжон Чжу* болып саналған. Алайда уақыт өте келе, оның танымалдығы түсе бастайды. Бірақ соңғы кезде *Чон Чжи Енуге* қызығушылық жандана түсуде және оқырмандардың назары оның жағына бұрылды. Со Чжон Чжу, ең алдымен, Чолладо провинциясының тұрғынына сай реңкті тілімен өзіне қарай көңіл аудара алады. Екіншіден, оны басқалардан, әсіресе, Бодлер мен Йитс ақындарымен салыстыруға итермелейтін ерте шығармаларының сезімге толы бастауы ажыратады. Және, үшіншіден, Со Чжон Чжу оқырманға, көбінесе, буддалық Силла дәуірінің рухына үндеу салуымен өте қызықты. Өз шығармаларында таяудағы апатты Кореяның орнына келген жаңа Корея үшін маңызды болатын құндылықтарды іздейді. Оның поэзиясы – сырласу поэзиясы. Ол дзэн стилінің жарық рухына толы шағын ғана лирикалық өлеңдерді жазады [1,193б.].

Соғыстан кейінгі интеллигенция өз «менін» табу немесе жаңадан ашу үшін, жеке бастың өзіндік құндылығын көру үшін өзінің барлық көңілін бостандықты іздеуге бағыттаған. Шын мәнінде интеллигенция өз алдына романтикалық мақсат қойды. Бұл еркіндік ізденіске арналған *Чхве Ин Хунның*(1936) «*Шаршы*» атты шығармасы осы мәселе төңірегінде көрсетімдік болып есептеледі. Романда екі мәселе зерттеледі – соғыстың зардаптары және интеллигенция аясынан шыққан көптеген әскери тұтқындардың алдында тұратын қиын таңдау: бейбітшілік орнағаннан кейін қай жерге бару керек – Оңтүстікке, Солтүстікке немесе бейтарапты басқа бір мемлекетке?

Корея жағалауларынан жүзіп кеткен «Тагор» кемесіне екі шағала еріп жүреді. Оның ернеуінде Кореялық соғысынан кейін Оңтүстік немесе Солтүстікті таңдаудың орнына бейтарап мемлекетке кетуді дұрыс деп көрген әскери тұтқындардың тобы орналасқан. Роман кейіпкері Ли Мен Чжун үшін осы екі шағала екі қыздың бақытсыз махаббатын бейнелейді – Оңтүстіктен және Солтүстіктен [1,127б.].

50 - жылдардағы суретшілерде, әрине, өзінің шығармашылығында оларды қоршаған соғыстан кейінгі қатыгез жағдайдың бүкіл драматизмін көрсеткісі келген талпыныс болған. Осы әлеуметтік алғышарттар «*Кореялық соғыс түлегінің*» жас суретшілерін экспрессионизммен – ұқсас жағдайларда Еуропада соғыстан кейінгі кезде пайда болған көркемдік ағыммен айналысуға итермелейді.

Француздық абстрактты өнер эстетикасына әуестенуге ұмтылған «Кореялық соғыс түлегінің» жас суретшілерінің психологиялық және этикалық себептерін жақсы түсінуге болады. Олар бұл ағымның басты мәнері болып саналатын геометриялық стилизацияның негізгі әдістерін игермей түгелімен жаңа көркем концепциясын зерттеуге үңілді. Осындай көзқарасты қайғырған суретшілердің үмітсіздік сезіммен түсіндіруге болады. Оларға міндетті түрде жан түршігерлік соғыстан кейінгі орнаған тұтас хаос жылдарындағы пайда болған болашаққа деген сенімсіздік пен ішкі импульстарға шығыс беруге қажетті болды.

60-шы жылдардың II жартысында корейлік суретшілерінің жұмыстары қайталана бастайды. Сол себептен олардың абстрактті экспрессионизмге деген дәртті қызығушылығы төмендейді. Абстрактті мектептің түлектеріне өз өнерін жандандыру үшін жаңа тәсілдерді іздеу керек болады.

1968 жылдың соңында Кореяда кейбіреулер «19 сәуір ұрпақтары» деп атайтын

суретшілердің жаңа ұрпағы пайда болады. Олардың барлығы дерлік 1960 жылы болған қуатты студенттердің шерулері нәтижесінде авторитарлы үкімет түсірілгеннен кейін білім алған. «19 сәуір ұрпақтар» суретшілерінің ұйымдастырған барлық көрермесінен екі аса маңызды көрермені айрықша атап шығуға болады. Бұл Хоник университетінің түлектерінің жетекшілігімен болған *Жас Суретшілер Көрмесі* мен Сеул мемлекеттік университетінің түлектері ұйымдастырған *«Қазіргі кездегі бейнелеу өнері–68»*.

1950 жылда Кореялық соғысының басталуымен мемлекетте көркем өнер өмірі тоқталып қалады. Қатыгез әрі жойқын соғыс үш жыл бойы болды. Көптеген суретшілер қаза тапты. 1953 жылы үкімет Сеулге қайтқан кезде (соғысқа дейін ол Пусанды орналасты), Ұлттық көркем өнер көрермесі қайтадан ашылды. Бұл жылды салтанатты түрде Кореяның көркем өнер өмірінің жандану мен қазіргі кездегі сәндік-қолданбалы өнердің пайда болу кезеңі деп айтуға болады. Көрерменің жұмыс істеу кезінде қолданбалы суретшілердің өзін көрсетіге және өз шығармашылығында нақты орын табуға толық мүмкіндіктері болды. Нәтижесінде олар Кореяның сән және қосалқы өнерінің жаңа бейнесін қалыптастырды. Университеттер мен колледждер тұсында қолөнер ұйымдары ашылғандықтан, шеберлердің саны өсе бастады. 1945 жылы ашылған Чосон кәсіптік әрлендірушілердің ассоциациясының орнына құрылған Кореялық кәсіптік әрлендірушілердің ассоциациясы өз қатарларын лезде толықтырып, әр жыл сайын көрермелерді ұйымдастыратын болды.

Қазіргі сән және қосалқы өнер және, әсіресе, жанашылдықтар тән кәсіптік әрлендіру дәстүрлі халық шығармашылығынан көптеген жағынан ерекшеленеді [2,347б.].

Солтүстік пен Оңтүстік Корея арасындағы үшжылдық соғыс 1953 жылы бейбітшілік келісіммен аяқталды; бұл оқиға көркем өнер өміріне әсерін тигізді – ол жандандыра түсті. Жекелеген кәсіпорындар бірнеше көрермелердің ұйымдастырушылары болды. Осы жәйт суретшілер мен мүсіншілердің шығармашылыққа деген ынтаны күшейтті, әртүрлі стилдер мен техникалардың пайда болуына ықпалын тигізді. Аса үкен маңызға Бейнелеу өнерінің корейлік ассоциациясы мүшелері ұйымдастырған жыл сайынғы жұмыстар вернисажы мен алдыңғы қатарлы күнделікті *«Чосон ильбо»* газеті жетекшісі болған Шақырылған суретшілер үшін корейлік өнерінің қазіргі кездегі көрермесі ие болды. Бұл көрермеге көп көңіл бөлінудің басты себебі – онда жас суретші-авангардисттерде өз жұмыстарын көрсетіге мүмкіндіктер болды.

1950 жылдардың соңында корейлік мүйсін өнері туралы жеке-дара өнер ретінде айта бастады. Онда айқын екі қарама-қарсы мектеп анықталды. Олар абстрактті және реалистік мектептер және олардың арасындағы күрес өсуде. Мүйсін өнері үшін негізгі материал әртүрлі бола бастайды. Мүсіншілердің түрлі металдар мен тастарды пайдалана бастауы тек ағаш пен гипсті қолдануға рұқсат ететін дәстүрлерден алшақтануды білдірді.

1956 жылы Жапонияда оқуын бітіріп, алдыңғы қатарлы бишілердің бірі *Им Сок Нам* Отанына оралады. Көп ұзамай ол Сеулда өз стулиясын ашып, труппаны жинайды. Кейіннен ол хореограф, педагог және балеттің басты партияларын орындаушысы ретінде кеңінен танымал болады. Сол кезде корейлік балеті биші ер адамдар жетіспеушілігінен зардап шекті. 1973 жылы Им Сок Нам жаңадан құрылған Ұлттық балеттің жетекшісі болып тағайындалды. Балет көптеген жетістіктерге жетті және қазіргі кезде оның репертуарында «Аққу көлі», «Щелкунчик», «Коппелия», «Шехерезада» сияқты классикалық қазына қойылымдарын көруге болады. Сонымен бірге Ұлттық балет «Пэ Бичжан әңгімесі» сияқты корейлік ертегілері мен аңыздары бойынша қойылған көріністерді көрсетеді.

Корей елінің XX-XXI ғасырлардағы тарихы мен өнері мемлекеттің тұтастығын сақтауға бағытталған. Жұмысты орындау барысында Корей тарихының толыққанды өнері жайлы теориялық білімді жетілдіре отырып, өнер ерекшеліктеріне назар аударылды.

XX ғасыр Корея мемлекетінің тарихындағы аса ауыр және қатыгез ғасырлардың бірі болып саналады. Ғасырдың басындағы елде болған жапон үкіметінің басқыншылық саясаты, Бірінші және Екінші Дүниежүзілік соғыстар мен 1950-1953 жылдары болған Корей соғысы, Кореяның екіге бөлінуі мемлекеттің барлық салаларына өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Осы ірі оқиғалардың зардаптары, әрине, кейіннен, яғни XX ғасырдың екінші жартысында көріне

бастады. Әсіресе бұл жағдай мемлекеттің мәдени өміріне айтарлықтай ықпал тигізді.

Ғылыми жұмыста ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Оңтүстік Корея мемлекетінің мәдениеті қарастырылды. Корея мәдениеті бірегей әрі таңғажайып болып есептеледі.

Кореяның қазіргі кезде қарқынды түрде дамып келе жатқанын оның өте бай мәдениетімен де байланыстыруға болады. Бүгінгі күнде көпшілік корей мәдениетін жапон мәдениетімен жатастырады. Әрине оған айтарлықтай негіз бар. Корея көп ғасырлар бойы экономикалық, саяси, философиялық және мәдени қатынасында Қытайдың күшті ықпалының астында дамыды. Алайда осыған қарамастан Кореяның өзіндік ерекшеліктері бар мәдениеті қалыптастыра алды.

Кореяда қазіргі кездегі мәдениет туралы сөз қозғаған кезде, мәдениет зерттеушілері, сонымен бірге, «соғыстан кейінгі» деген анықтауды да қолданады. Кореяның мәдениеттанушылар мен мәдениет тарихшыларының барлығы Кореяның қазіргі кездегі мәдениет тарихы Кореялық соғыстан (1950-1953) басталды деген пікірлері сәйкес келеді. Яғни 1950-1953 жылдары болған соғыс корей мәдениеті үшін өте үлкен маңызға ие болды. Осы жағдай, әрине, бүгінгі таңда әлемде тамаша мәдениеттерінің бірі болып саналатын корей мәдениетінің қазіргі кездегі қалыптасуына өзінің зор үлесін қосқан.

Кореяның ХХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХІ ғасырдағы өмірі туралы барлық жағынан хабар береді. Өйткені мәдениет – мемлекеттің, халықтық, ұлттың және жеке адамның болмысы. Қоғамда болатын барлық оқиғалар мен өзгертулер және елді толғандыратын барлық мәселелер мен проблемалар мәдениетте өз көрінісін табады. Сол себептен мемлекетті танудың алғашқы қадамы, сол елдің мәдениетін зерттеуден басталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Корея» анықтамасы., 1993 ж.,- 430 б.
2. Ланьков А.Н. «Корея. Будни и праздники».- М.: 2000. – 480 б.
3. Ланьков А.Н., «Северная Корея: вчера и сегодня».- М.: 1995. – 293 б.
4. «Современная Корея» анықтама басылымы. – М.:1971 жыл - 320 б.
5. Цой Ен Гын, Ян Вон Сик., «Истоки наши». - Алматы., 2002. - 136 б.
6. Воробьев М.В., «Очерки культуры Кореи».- СПб: Питер, 2002 – 293 б.
7. 국가문화유산종합정보서비스: 국보, 보물, 사적, 명승, 천연기념물지정종목별, 시대별, 지역별, 유형별, 유물정보, 검색서비스제공.
8. 국사편찬위원회: 한국사에 관한정보를수집, 정리, 편찬하는국가연구기관, 소장자료, 논문, 저서검색, 한국사관련연구기관. 소장자료, 논문, 저서검색, 한국사관련안내.

УДК 94

ИСТОРИЧЕСКИЕ ОБЪЕКТЫ ИРАНА ВХОДЯЩИЕ В СПИСОК ВСЕМИРНОГО НАСЛÉДИЯ ЮНÉСКО

Жапанбаева Айгерим Нурлубаевна

Aigerim_7@hotmail.com

Магистрант 1 курса факультета Международных отношений,
кафедры Востоковедение ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – М.М.Абишева

Туризм - одна из самых быстро развивающихся прибыльных сфер в мире. Доходы, получаемые посредством туризма, занимают второе место после прибыльности нефтегазовых продукций. Данная тенденция позволяет государствам развивать независимую от сырья экономику. Принимая во внимание ограниченность количества нефти и газа и его влияние на экологию, сегодня, как никогда государствам, в основном получающие свои доходы от экспорта нефти, становится актуальным переход от сырьевой экономики к